

## Кезектен тыс педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Өткізген күні – 22.10.2024 жыл

Қатысқаны -57 педагог қызметкер

### Күн тәртібінде:

1. 2024 жылғы қазан айындағы Ақтөбе облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «№76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне өткізген мемлекеттік аттестация қорытындысы.

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1- мәселе бойынша мектеп директоры О.И. Бегжанов сөз алды.

Ақтөбе облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті 2024 жылғы 11-21 қазан «№76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестациядан өткізді. Зерделеу барысында төмендегідей анықталған кемшіліктер мен ескертулерді атап көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9,3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасына сәйкес мектепалды сыныптар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәлімет ұсынылмаған;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9,4 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 2- тарау 6- тармағына сәйкес келмейді, 2023-2024 оқу жылына 0 «Ә» мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылмаған;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9,5 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 2- тарауының 6- тармағына сәйкес келмейді, 2023-2024 оқу жылына 0 «А» мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің даму мониторингісінің (бастапқы) құжаттары ұсынылмаған;
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9,6 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 3- тарауы 20- тармағына сәйкес келмейді, 2023-2024 оқу жылына 0 «А» мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің даму мониторингісінің (қорытынды) құжаттары ұсынылмаған;  
Бастауыш ,негізгі орта ,жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша:
1. Бағалау өлшемшарттарының 12,6 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 2-қосымша 1-тарау 3 тармағы б) тармақшасы талаптарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін оқу процесі ұйымдастырылғанын анықтау мүмкін болмады, білім алушылардың ПМПК қорытындысы, оқу процесін ұйымдастыру бойынша тиісті құжаттар ұсынылмаған;

2. Бағалау өлшемшарттарының 14,2 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені «Орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды ,оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарау, 8 ,9- тармағы және 13- тармағы талаптарын БЖБ және ТЖБ өткізгенде сақтау және педагогтар арасында түсінік жұмыстарын жүргізу;

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы 2024 жылғы 21 қазандағы №183 хаттамалық шешіміне сәйкес «Аттестатталмады» деген қорытынды берді.

Жоғарыда айтылған кемшіліктер мен ескертулерді жою мақсатында құрылған комиссия құрамымен таныстырып, аттестаттау қорытындысында көрсетілген бұзушылықтарды жою жоспарын жасап Ақтөбе облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне қызметтік хатпен қоса жолдауды және қайта аттестаттау құжаттарын жасақтап ,мектеп сайтына жүктеуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің аттестаттау қорытындысында көрсетілген бұзушылықтарды жою мақсатында комиссия құрамы бекітілсін, бұзушылықтарды жою жоспары жасалып АОБСҚЕ департаментіне жолдансын ;
- 1.1 Бұзушылықтарды жою жоспарында көрсетілген іс-шаралар уақытылы орындалып ,мектеп сайтына ұсынылсын;

Педкеңес төрағасы  
Хатшы:



О.И.Бегжанов  
Күнанова Д.Б